

«Сот приставтарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 710 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасына анықтама

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Заң) сот приставтарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлеу мен бекіту соттардың қызметін ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне берілді.

Заңды іске асыру мақсатында «Сот приставтарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) басшысының 2015 жылғы 12 наурыздағы № 159 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 17 сәуірде № 10746 болып тіркелген) қабылданды.

Осыған орай, «Сот приставтарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 710 қаулысының күші жойылды деп тану қажет.

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының жанындағы Соттардың қызметін
қамтамасыз ету департаментінің
(Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Соты аппаратының) басшысы**

І.Испанов